

## 2015 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 58 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 3014 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 139 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 25.01.2016 № 139 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. 2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты **б о л а д ы .**

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама **қ о л д а н ы л а д ы .**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Б. Ділдәбековке** жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С.Ертай*

№ 57 қаулысымен бекітілген

**2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері**

р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Арыс қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, мұрағат құжаттары және тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру және тігу, тұрғындардың үйлерін аралау	90	4000 іс-құжат, 9000 іс-құжат, 4000 үй,	Қалалық бюджет
2	Арыс қаласының «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, абаттандыру және көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	80	5000 іс-құжат, 110000 шаршы метр	Қалалық бюджет
3	«Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп» пилоттық жобалары)	30	6 ауылдық округ аумағында	Қалалық бюджет
4	Арыс қаласы «Қожатоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	40	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет
5	Арыс қаласы «Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	30	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет

6	Арыс қаласы «Байырқұм ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	30	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет
7	Арыс қаласы «Жиделі ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	30	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет
8	Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	30	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет
9	Арыс қаласы «Дермене ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылдық округті көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстарды тазарту	30	30000 шаршы метр	Қалалық бюджет
10	Арыс қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттары тізімдерін жасау, құжаттарды көбейту, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	10	3000 іс-құжат	Қалалық бюджет
11	Арыс қаласының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттары тізімдерін жасау, құжаттарды көбейту, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	30	3000 іс-құжат	Қалалық бюджет
12	«Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Кәріз жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету	10	2000 шаршы метр,	Қалалық бюджет
13	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Оңтүстік ауызсу» филиалы	Су жүйелерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысына көмек көрсету	50	5000 шаршы метр,	Қалалық бюджет
14	Арыс қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «ЖАСЫЛ АЙМАҚ-АРЫС» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	Демалыс және мәдениет орталық паркінің аумағын жинау, абаттандыру, көгалдандыру, қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	35	100000 шаршы метр, 70000 шаршы метр	Қалалық бюджет

15	«Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық филиалы	Мұрағат құжаттары тізімдерін жасау, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу	10	2000 іс-құжат	Қалалық бюджет
	Барлығы:		535		

Ескертпе: Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК